«БЕКІТЕМІН»
«СаКуРа КӨКТЕМ» ЖШС
меңгерушісі_____М.Т.Миразимова
№1 педагогикалық кеңес хаттама шешімі
(2023 жылғы 31 тамыздағы №1 хаттама)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН МУЗЫКА ІС-ӘРЕКЕТТІҢ

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Музыка жетекшісі: Ташмагамбетов А.А.

«БЕКІТЕМІН»
«СаКуРа КӨКТЕМ» ЖШС
меңгерушісі_____М.Т.Миразимова
№1 педагогикалық кеңес хаттама шешімі
(2023 жылғы 31 тамыздағы №1 хаттама)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН МУЗЫКА ІС-ӘРЕКЕТТІҢ

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Музыка жетекшісі: Ташмагамбетов А.А.

Білім беру ұйымы: «СаКуРа КӨКТЕМ» ЖШС
Топ: « Балапан » кіші топ
Балалардың жасы:2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек-Мамыр 2023-2024 ж.ж.
Міндеті: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету**.** **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы.** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы аспабымен, оның дыбысталуымен таныстыру.
Қазан	**Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. **Ән айту:** барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту. **Музыкалық- ырғақтық қимылдар:** Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** Балаларды музыкалық аспаптармен: металлафон, оның дыбысталуымен таныстыру. Металлофонды (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қараша	**Музыка тыңдау :**Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. **Ән айту:** Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)**.** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы.** Балаларды музыкалық аспаптармен қоңырау**,** аспабымен, оның дыбысталуымен таныстыру.

Желтоқсан	**Музыка тыңдау:** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** Балаларды музыкалық аспаптармен: сылдырмақ оның дыбысталуымен таныстыру. сылдырмақты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қаңтар	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. **Ән айту:** Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтуды, әнді барлығымен бірге бастауды және аяқтауды үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы.** Балаларды музыкалық аспаптармен маракас **,** аспабымен, оның дыбысталуымен таныстыру.
Ақпан	**Музыка тыңдау:** Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. **Ән айту:** Әннің сөздерін дұрыс және анық айтуды, әннің сипатын бере білуді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау . **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** Балаларды музыкалық аспаптармен: барабанмен , оның дыбысталуымен таныстыру. барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Наурыз	**Музыка тыңдау:** Ересектердің орындауындағы және аудио бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. **Ән айту:** Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуды үйрету; Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы.** Балаларды музыкалық аспаптармен , маракас пен қоңырауды бірге қосып ойдауды үйрету, оның дыбысталуымен таныстыру.

Сәуір	**Музыка тыңдау: .** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. **Ән айту:** Әнді бірге бастап, бірге аяқтау**.** дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** Балаларды музыкалық аспаптармен: барабанмен сылдырмақтың , оның дыбысталуымен таныстыру. барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Мамыр	**Музыка тыңдау:** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге баулу. Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады.Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады .Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
Нормативтік жүктеме	Аптасына 1 сағат Айына 4 сағат **Барлығы 36 сағат**